



Астана қаласы, А.Петров көшесі, 11

г. Астана, ул. А. Петрова, 11

тел. (7172) 50-17-14

тел. (7172) 50-17-14

2024 ж. 29.08 № 106

**2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін,
сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына, Астана қаласының Білім басқармасының 2024 жылғы 2 тамыздағы № 1453 бұйрығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуын мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек — 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс- күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3- тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн(2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс –күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан -8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары — 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары — 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9(10)-сынып оқушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) қазақ тілі/орыс тілі тілінде білім беретін сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл

- пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) — 2025 жылғы 2 маусым;
- 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) — 2025 жылғы 5 маусым;
 - 4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан— 2025 жылғы 10 маусым;
- 11 - сынып оқушылары үшін:
- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан — 2025 жылғы 30 мамыр;
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 3 маусым;
 - 3) казак тілі/орыс тілі бойынша білім беретін сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан — 2025 жылғы 6 маусым;
 - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) — 2025 жылғы 12 маусым.
 - 5) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан — 2025 жылғы 13 маусым;
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасарлары Г.М.Оразбаева, Г.А.Сулейменова, А.Ж.Мырзахметова, Қ.Қ.Медетбековке жүктелсін.



Мектеп директоры

К.Т.Досмагамбетова